

Ембі ТЫНЫСЫ

№ 1 (41),
қаңтар
2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

2019 ЖЫЛДЫҢ ТАБЫСТЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ:

Мұнай өндіру көлемі
белгіленген жоспардан –
4 мың 693 тоннаға
артық (жоспар – 2 895 мың тн,
өндірілгені – 2 899 мың 693 тн)

Жыл қорытындысы
бойынша
260 173 мың м³ газ
өндірілді

ТАЙСОЙҒАН
барлау блогында
5600 км.кв
аумақ көлемінде сейсмосбарлау
жұмыстары жүргізілді

ЕМБІ
Ембі тарихында алғаш рет
5 горизонталды ұңғыма
бұрғыланды. Осы уақытқа
дейін қолданылып жүрген тік
ұңғымадан көлденең ұңғыманың
өнімділігі
8 есе артты

Ембінің мұнай қорының
көлемі шамамен
15 000 000
тоннаға ұлғайды

Қарасор құрылымында Кеңес
уақытында бұрғыланған (1, Г-2
және Г-9) 3 ұңғыма консервациядан
шығарылып, оларға сынау жүргізудің
нәтижесінде бор қабатынан
тәулігіне
80-135
тоннаға дейін
мұнай өндірілді.

Кен алаңында мұнай өндіруге
қажетті барлық рұқсат құжаттары
дайындалды.

«Ембімұнайгаз» АҚ 2012-2019
жыл аралығында бойынша
республикалық және жергілікті
бюджетке салық төлемдері ретінде
1 трлн 090 млрд.
теңгеден
астам, өңірдің инфрақұрылымын
дамытуға 4,3 млрд. теңгеден
астам қаражат аударды



Қоғамға жанашырлық еркерусіз қалмады

Биыл Қазақстан Республикасы мәслихаттарының құрылғанына 25 жыл. Қазіргі таңда мерейлі мерекеге орай Атырау облыстық мәслихаты практикалық конференция мен салтанатты жиын өткізді. Тарихи датаға орай салтанатты жиын өткізіліп, табысты еңбек еткендерге құрмет көрсетілді. Мерекелік шараны өңірдің жаңа басшысы ашып, республикалық дәрежедегі төс белгілермен облыстық мәслихаттың іргесі қаланғаннан табысты қызмет атқарып келе жатырған біраз ардагерлерді марапаттады.

Ширек ғасыр ішінде елді-мекеннің бірқатар халық қалаулылары ел аманатын орындауға үлес қосты. Мәслихаттар жүйесі өз жұмысын бастағаннан бері өңірде өткен алты шақырылымда депутаттар халық пен атқарушы билік арасында тығыз байланыс орнатып, әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді үнемі назарда ұстап келеді

– Жыл басынан бері облыстық мәслихатта 40-тан астам сессиясында 112 мәселе қарастырылды. Бұл мәслихаттың өңірлік мәселелерге баса назар аударып жатқандығын көрсетеді, – деді Әмірзақ Зинуллин.

Салтанатты жиында әлеуметтің әлеуетін артыруға еңбек сіңірген депутаттар мен ардагерлерге Парламент Сенатының Құрмет грамотасы және Алғыс хаты, облыс басшысының алғыс хаттары табысталды. Сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өмірге де белсене атсалысып жүрген облыстағы ірі ұлттық компанияның бірі «Ембімұнайгаз» АҚ басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ те «Мәслихатқа 25 жыл» меркелік медалімен марапатталды. **Е**



Үздік бастауыш партия ұйымы атағын иелендік



Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында «Nur Otan» партиясының облыстық филиалында салтанатты жиналыс өтіп, белсенді партия мүшелеріне марапаттар тапсырылды.

Атырау облысының әкімі, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Нұрлан Ноғаев партия мүшелерін «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісімен және алғыс хаттармен марапаттады.

Марапат алғандар қатарында депутаттық корпус өкілдері, партияның қоғамдық қабылдауы, кәсіпкерлер мен мәдениет саласының өкілдері бар. Құттықтаған аймақ басшысы Тәуелсіздік күнінің әр қазақстандық үшін ерекше маңызды екенін атап өтті.

– Елбасының саясаты мен Президент тапсырмасы аясында елімізде азаматтардың әлеуметтік ахуалын жақ-

сартуға бағытталған көп жұмыстар атқарылуда. Аймақта жасалған жұмыстар да халықтың әл-ауқатын арттыруды мақсат етті, – деді Нұрлан Ноғаев.

Салтанатты жиналыста 14 аталым бойынша өткен байқау қорытындысы жарияланды. Олардың арасында партияның үздік бастауыш ұйымы болып Атырау қалалық филиалына қарасты «Ембімұнайгаз» АҚ бастауыш партия ұйымы танылды. ЕМГ бастауыш партия ұйымының төрағасы Әнуар Жақсыбековті партияның Атырау облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Нұрлан Ноғаев құттықтап, марапаттады.

Жыл бойы жасалған ембілік нұртандықтардың еңбегіне ризашылығын білдірген өңір басшысы Н.Ноғаев: «Бұл – ел болашағына бей-жай қарамайтын, жауапкершіліктерімен ауызбіршілігі мықты ұжымның еңбегі. Бұл – ел тәуелсіздігіне қосқан үлес», – деп атап өтті. **Е**

Ембінің жылдық есебі – үздіктер қатарында

«Ембімұнайгаз» АҚ жылдық есептің «Үздік интерактивті нұсқасы» номинациясы бойынша марапатқа ие болды.

Дәстүрлі байқауды «Қазақстан қор биржасы» АҚ қолдауымен «QRA» рейтинг агенттігі ұйымдастырып келеді.

«Үздік жылдық есеп» номинациясында жылдық есеп пен тұрақты даму туралы есеп бірге бағаланады. Сараптамалық комиссия есептің ақпараттық толықтығын, оның құрылымы мен оқылымын саралайды.

Номинация дипломын Алматы қаласында өткен жиында KASE Қазақстан қор биржасының мониторинг департаментінің директоры В. Литвинов табыс етті.

Биылғы байқаудың барысында қазақстандық компаниялардың, оның ішінде 35 қаржы ұйымы мен 69 қаржылық емес ұйымның 111 жылдық есебі мен тұрақты даму туралы есептері талданды. Басты мақсат – компаниялардың мүдделі тараптары үшін ақпаратты тиімді ашуына ықпал ету. Байқаудың нәтижесін сараптамалық комиссия қорытындылады. Оның құрамына корпоративтік басқару және есептілікті дайындау саласындағы кәсіби мамандар кірді.

Сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Жылдық есебі мен Тұрақты даму туралы есебі жылдық есептер байқауында үздік деп танылғанын айта өткен жөн. **Е**



2019 – ГОД ДОСТИЖЕНИЙ И ПОБЕД


6 января в главном офисе АО «Эмбаунайгаз» состоялось расширенное аппаратное совещание под председательством руководителя Компании А. Жаксыбекова по итогам 2019 г. и задачам на 2020 г. Как отметил глава Эмбы, прошлый год, ознаменованный 120-им юбилеем казахстанской нефтегазовой отрасли, был весьма насыщенным на события и плодотворным на производственные достижения для предприятия.

Больше нефти, запасов и первые горизонтальные скважины на Эмбе

К концу юбилейного года для казахстанской нефтянки, эмбинцы добыли 2 млн. 899 тысяч 693 тонны нефти (на 4 тыс. 693 тонны выше плана) и 260 млн. 173 тысячи 367 куб. м. газа. Объем налогов, выплаченных в бюджет страны и региона с 2012 г. по 9 месяцев 2019 г., превысил триллион тенге. По результатам геологоразведочных работ, прирост запасов нефти только за прошлый год составил 14,8 млн. тонн, составив на 1 января 2020 г. – 86 млн. тонн остаточных извлекаемых запасов, что особенно актуально для компании с ее зрелыми месторождениями и 5-ти тысячным персоналом.

Завершены масштабные полевые сейсморазведочные работы на участке Тайсойган объемом 5 600 кв.км в Кызылкогинском районе. В настоящее время выполняется обработка и интерпретация полученных данных 3Д МОГТ (метод общей глубины точки).

АО «Эмбаунайгаз» стремится использовать современные подходы и технологии для выработки остаточных запасов нефти. Одной из таких технологий является бурение горизонтальных скважин, которые демонстрируют более высокую эффективность в сравнении с вертикальными скважинами. В 2019 г. в Эмбе пробурены 5 горизонтальных скважин: 3 – в НГДУ «Кайнармунайгаз», 1 – в НГДУ «Жайыкмунайгаз» и 1 – в НГДУ «Жылыоймунайгаз». На текущий момент 4 – находятся в эксплуатации и обеспечивают хорошие дебиты нефти, кроме скважины в НГДУ «Жылыоймунайгаз», которая находится в испытании. В дальнейшем, компания планирует бурение горизонтальных скважин в высоковязких пластах, залегающих на небольшой глубине до 300 м., и ежегодно увеличивать долю горизонтальных скважин в эксплуатационном бурении. **Е**



Новое месторождение к 120-летию казахстанской нефти

По результатам расконсервации и испытания скважин, пробуренных в советское время в 1963-1982 гг. на структуре Карасор Западный, получены притоки нефти из меловых отложений и установлена промышленная нефтеносность 3 горизонтов. Запасы месторождения, по результатам рассмотрения Государственной комиссии по запасам углеводородов приняты на государственный баланс. Подготовлены необходимые разрешительные документы для ввода месторождения в пробную эксплуатацию.

В 2019 г., благодаря внедренным облачным решениям по проекту использования спецтехники в режиме реального времени АО «Эмбаунайгаз» перешла на единую систему управления автотранспортным парком. В результате, сократился объем потребления го-

рюче-смазочных материалов, был автоматизирован учет транспортных средств, возросла точность расчетов себестоимости затрат и минимизированы потери на добывающих участках за счет сокращения ожидания спецтехники для проведения ремонтных работ.

В прошлом году отмечалось 120-летие казахстанской нефти. В торжествах принял участие Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт ТОКАЕВ. К этой знаменательной дате нефтяной Эмбой был построен на территории Атырауского университета памятник видному эмбинскому нефтянику Сафи Утебаеву, реконструирована стелла на месте исторической скважины Карашунгул. Государственных наград из рук Президента РК были удостоены 3 работников Эмбы. **Е**

Эмбинцы – профессионалы и меценаты

Еще 5 эмбинцев удостоились призовых мест в ходе финального тура конкурса «Лучший по профессии» по группе компаний АО «Национальная Компания «КазМунайгаз», прошедшем в г. Альметьевск Республики Татарстан.

С 2015 по 2019 гг., дуальное обучение на базе эмбинских производственных объектов прошли 117 студентов высших и средних учебных заведений. По итогам тестирования трудоустроены 52 выпускника.

В июне прошлого года коллектив передал в дар 8-ми многодетным малообеспеченным семьям 5-ти районов Атырауской области жилье, приобретенное на однократную заработную плату работников. Всего с 2015 г., эмбинцы обеспечили жильем 21 казахстанскую семью из Атырауской области и Восточного Казахстана.

Месяцем позже, в июле коллектив АО «Эмбаунайгаз» принял участие в республиканской акции «Арыс. Біз біргеміз», в рамках которой на выделенную сотрудниками добровольную помощь приобретены и переданы комплекты школьной одежды для более 400 учащихся 16 школ из малообеспеченных семей г. Арыс, пострадавших в результате взрывов.

В августе эмбинцы первыми начали реализацию республиканской акции «Дорога в школу». В результате, на личные средства эмбинских нефтяников, школьной одеждой и обувью были обеспечены около 70 учащихся городских и районных школ из социально-уязвимых категорий населения всей Атырауской области.

А в преддверии Нового года коллектив Эмбы провел традиционную благотворительную ярмарку и порадовал новогодними подарками более 200 детей Атырауской области из малообеспеченных слоев населения. Инициативу руководителя Эмбы об активном участии в жизни социально-уязвимых слоев населения региона, подхватили нефтяники НГДУ «Жылыоймунайгаз», собравшие в декабре прошлого года более 2-х миллионов тенге, которые были направлены на оказание помощи 12 малообеспеченным семьям Жылыойского района. А нефтяники НГДУ «Доссормунайгаз» к Новому году обеспечили продуктами 15 семей Макатского района. **Е**

Лидер по дням безопасной работы – Эмбаунайэнерго и больше внимания к здоровью

К сожалению, в прошедшем году не обошлось без инцидентов с травматизмом работников на производстве. Если в 2018 году, были зарегистрированы 3 несчастных случая с потерей рабочего времени, то в 2019 году их количество увеличилось до 5-ти: 3 случая – в НГДУ «Жылыоймунайгаз» и по одному случаю – в НГДУ «Жайыкмунайгаз» и УПТОиКО.

На 1 января 2020 г. по количеству безопасных дней работы из производственных структурных подразделений в лидерах – АО «Эмбаунайэнерго» с 1575 днями безопасной работы, на втором месте – НГДУ «Кайнармунайгаз» с 988 и третье – НГДУ «Доссормунайгаз» – 377. Далее следуют УПТОиК – 328, НГДУ «Жылыоймунайгаз» – 135 и НГДУ «Жайыкмунайгаз» – 96.

– Департаменту охраны труда и окружающей среды, а также руководителям всех структурных подразделений необходимо усилить работу по обеспечению производственной безопасности и трудовой дисциплины, – отметил глава Компании.

Большую обеспокоенность выразил А. Жаксыбеков по поводу игнорирования работниками компании рекомендаций медицинских работников по итогам ежегодного профилактического осмотра, предписывающими лечение заболеваний в межвахтовый период.

– Необходимо, чтобы работники компании осознали, что от их внимательного отношения к собственному здоровью зависят качество их жизни, будущие достижения в работе, материальное и социальное благополучие семей. Нужно ответственно относиться к своему здоровью и заботиться о нем своевременно, в период межвахтового отдыха, – подчеркнул руководитель Эмбы.

Обозначая планы на 2020 г., председатель Правления дал поручения руководителям каждого блока в рамках направления деятельности.

– План по добыче нефти на текущий год составляет 2 млн. 820 тысяч тонн, что значительно ниже плановых показателей прошлых лет. Снижение обусловлено технологическими ограничениями по переработке и утилизации сырого газа по определенным месторождениям в связи с вовлечением в добычу нефти горизонтов с высоким газовым фактором. По данному вопросу ведется совместная работа с ТОО «КМГ Инжиниринг» по выработке технико-экономического обоснования проектов по расширению существующих производственных мощностей и вывода на технологический режим работы скважин с высоким газовым фактором, – отметил А. Жаксыбеков. **Е**

Ембілік мұнайшылардан жаңажылдық сыйлықтар

Жаңа жыл қарсаңында «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы өз еңбекақыларынан ерікті түрде қаражат жинап, Атырау облысы мен қаласындағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың 200-ден астам баласына жаңа жылдық сыйлықтар табыстады. Кей отбасылардың үйіне ЕМГ

Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбековтің өзі барып, балаларды мерекемен құттықтады.

– Біздің Компания ел экономикасына, әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосып, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға қайырымдылық жасауға да баса на-

зар аударуда. Соңғы жылдары біздің ұжым жиырмадан астам қазақстандық отбасыға баспана алып берді. Соның ішінде, көпшілігі – Атырау облысының тұрғындары. 1922 жылдан құрылғалы бері «Ембімұнайгаз» компаниясы әлеуметтік салаларға да көңіл аударып келеді. 2012 жыл-

дан 2019 жылдың 9 ай қорытындысы бойынша республикалық және жергілікті бюджетке салық төлемдері ретінде 1 триллион теңгеден астам, өңірдің инфрақұрылымын дамытуға 4,3 млрд. теңгеден астам қаражат аударды, – деді **ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ.**



Жылыойлық мұнайшылардың қайырымды көмегі

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі қарсаңында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ жұмыскерлері ерікті түрде қаражат жинап, Жылыой ауданының әлеуметтік аз қамтылған отбасыларына қайырымдылық көмек көрсетті. Қайырымдылық көмекке ие болған аудан тұрғындары Құлсары қаласының «Алтын сарай» мейрамханасында жайылған мерекелік дастарханның құрметті қонағы болды.

– «Ембімұнайгаз» АҚ-ң Басқарма төрағасы Әнуар Еркінұлы Жақсыбековтің облыс және аудан тұрғындарына қайырымдылық көмектер көрсету бастамасы «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында да өз жалғасын тапты.

Қайырымдылық шарасына басқарма қызметкерлері мен жұмысшыларынан 2 млн теңге қаражат жиналып, он екі отбасыға азық-түлік, жеміс-жидектер табысталып, барлық балаларына қажетті киімдерін алып берді. Бір отбасының мүмкіндігі шектеулі баласына Нұрсұлтан қаласына барып емделіп келуі үшін қаржылай көмек көрсетілді, – **«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығы Ғибатолла ШАНАЕВ.**

Сонымен қатар, мерекелік шара барысында басқарма ардагерлеріне құрмет көрсетіліп, үздік жұмысшылар түрлі марапаттармен марапатталды. «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасымен Прорвадағы мұнайды дайындап



айдау цехының тоқпен және газбен дәнекерлеушісі Мақсат Тәжіғалиев, зерттеу жұмыстар цехының ұңғыларды зерттеу операторы Клара Ибраева, механикалық-жөндеу шеберханасының шебері Қайржан Тоқсанов, Құлсарыдағы өндірістік құралдарды жөндеу және пайдалану цехының жөндеушісі Сайлау Амиров, Құлсарыдағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының операторы Келдібай Сариев марапатталды.

ЕМГ «Алғыс хаты» Құлсарыдағы автокөлік және арнаулы техникалар колоннасының жүргізушісі Есмұхан

Мергенбаев, Прорвадағы нысандарды ағымдағы жөндеу учаскесінің тасқалаушысы Тұрлан Бисалиев, Құлсарыдағы өндірістік, әлеуметтік-тұрмыстық нысандарға қызмет көрсету учаскесінің шебері Гүлмира Бисембаева, Прорвадағы өндірістік, әлеуметтік-тұрмыстық нысандарға қызмет көрсету учаскесінің жөндеуші-дәнекерлеушісі Асылбек Құдабаев, есеп жүргізу бөлімінің басшысы Нұрсәуле Сатангулова және Прорвадағы автокөлік және арнаулы техникалар колоннасының жүргізушісі Оңғарбек Қапаровқа табысталды.

Мақаттық 15 отбасыға – азық-түлік

Қайырымдылық – адамның бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Қайырымдылық мұқтаж жандардың қажетін өтеудегі ізгіліктің нақты көрінісі болып табылады. Сондықтан да, «Доссор-мұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының кәсіподақ комитеті мен мұнайшылары бірігіп, Мақат ауданы бойынша аз қамтылған, жұмыссыз, мүмкіндігі шектеулі, жағдайы төмен, көпбалалы отбасыларға қайырымдылық шарасын ұйымдастырды.

Аталған басқарманың кәсіподақ комитетінің төрағасы Самат Мұхамбетов, Мақат және Доссор әкімшілік жанынан жауапты мамандарымен бірге Мақат ауданы бойынша 15 жанұяның үйлеріне барып, мерекелермен құттықтап, азық-түлікпен көмек көрсетті.

– Қазақ халқы қайырымдылықты қастерлі ұғым санап, әрдайым өзара жақсылыққа, адалдыққа үндеген бабаларымыз ізгі істі үлкенді-кішілі бөлмей, қоғамда өзара қайырымдылық пен ынтымақ ортасының орнауына ерекше назар аударған. Сондай-ақ, қайырымдылық жасаған адам ешқашан кедейленіп қалмайды «қолы ашықтың – жолы ашық», – деп бергенге айтылмаған. Сондықтан да берген ызығынан аз да болса бір бөлігін Алла разылығы үшін қайырлы істерге жұмсақ, қоғамға тиер пайдасы мол болатыны сөзсіз, – дейді Самат Ығылманұлы.



Берекет – жылдың үздік жас мұнайшысы

Құрманғазы атындағы мәдениет сарайында жыл сайынғы жалпықалалық «Жыл үздігі-2019» жастар байқауы қорытындыланды. Он төрт номинациясының ішінде, «Үздік мұнайшы – 2019» аталымы бойынша ЕМГ АҚ-на қарасты «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының қабат қысымын сақтау операторы Берекет ЕЛЕУЛИЕВ үздік деп танылды.

– Жыл қорытындысы бойынша «Үздік мұнайшы» атауы – мен үшін үлкен абырой, алға қойған мақсаттарыма жетудегі бір қадам деп білемін. Осы жетістікке жетуіме ықпал еткен «Ембімұнайгаз» АҚ мен «өзім еңбек ететін «Қайнармұнайгаз» МГӨБ ұжымына білдірер алғысым шексіз. «Ембімұнайгаз» компаниясында қызметкерлердің, соның ішінде, жас мамандардың әлеуеттерін арттыруға үлкен көңіл бөлінуде. Соның айғағы – биыл компанияда Қазақстан мұнайының 120 жылдығы мен Жас жылы аясында ұйымдастырылған көптеген шаралар, – деп атап өтті 2019 жылдың үздік мұнайшысы Берекет Елеулиев.

Айта кетсек, 2019 жыл жас әріптесіміз үшін жетістікке толы жыл болды. Биыл «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауының II кезеңінде жеңіс тұғырынан көрінген ол Татарстанның Альментьевск қаласында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы компаниялары тобы арасында өткен аталған шеберлік байқауының III кезеңіне жолдама алып, жүлделі II орынды еншілеген болатын. **Е**



Жас мамандар

Ембілік жастар – «Президенттік кадрлық резерв» жобасында

Ел Президенті айтқандай, «Жастар – алдағы реформалардың негізгі қозғаушы күші». Осы орайда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев дарынды жастар үшін ашық және тиімді әлеуметтік саты құру туралы идеяны алға тартты. Президенттің қолдауымен жұмысын бастаған «Президенттік кадрлық резерв» жоба-

сы бастау алып, 300 адамнан тұратын резерв құрамы бекітілді. Олардың қатарында біздің қос әріптесіміз бар. Олар – ЕМГ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаменті директорының орынбасары Ғибрат АУҒАНОВ пен қазынашылық департаментінің аға аналитигі Азат КАБДРАШИТОВ.

Осы жоба барынша даярланған және тәжірибелі жастар үшін мемлекеттік басқару және квазимемлекеттік сектор жүйесінде басшылық қызметке тұруға бірегей мүмкіндік ашады деп көзделіп отыр. Жоғары әкімшілік және саяси лауазымдарға бос орындар пайда болған жағдайда Президенттік жастар кадр резервінде тұрған тұлғалардың кандидатуралары қаралатын болады.

Бұл ретте Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған тұлғалар резервте тұрған кезеңде лауазымға міндетті түрде тағайындалуы шарт болып табылмайды.

Резервте тұрған тұлғалар ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында және оның филиалдарында одан әрі кәсіби және тұлғалық даму үшін оқыту курстары мен тренингтерден өту мүмкіндігіне ие болады.

Айта кетейік, резервке қосылуға үмітті азаматтарды бірнеше кезеңнен өтті. Олар алдымен теориялық білімдерін дәлелдеп, яғни, түрлі тапсырмалар – эссе жазу, жобаларды таныстыру, арнайы сұхбаттан өту арқылы олардың көшбасшылық қасиеттері, сыни ойлау деңгейі, стратегиялық көзқарасы бағаланды. Бұдан соң үміткерлер Президент Әкімшілігінің Сарапшылық комиссиясында әңгімелесуден өтіп, ізінше олардың кандидатуралары Президент жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссияның отырысында қаралды. Кандидат ретінде таңдалған азаматтар резервке 3 жылдық мерзімге қабылданады екен. Осы уақыт ішінде тиісті мемлекеттік лауазым босаған жағдайда резервтегі азаматтардың кандидатуралары қарастырылады.

– Әр адамның жеке өтініш беріп қатыса алуы, іріктеудің ашық өткізілуі – өте тиімді әдіс. Бұл жоба білікті жастарға үлкен мүмкіндіктер бе-



реді. Лауазымды қызметтерге жастардың баруы – ел мүддесі үшін тиімді әрі жастардың да деңгейін, тәжірибесін арттыра түседі. Бұл жоба өз күшімен, білімімен пісіп-жетілген жастардың іріктеліп шығуына жол ашады, – дейді әріптесіміз Азат Кабдрашитов. **Е**



Ашық диалогқа құрылған кездесу

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ Компанияға қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелер мен басқару аппараты кәсіподақ комитеттерінің төрағаларымен кездесті.

Кездесу барысында кейбір басқармаларда жаңадан сайланған кәсіподақ комитетінің басшыларымен танысу, 2019 жылдың тұрған жылдың қорытындысы мен алдағы жылда бірлесе атқарылатын жұмыстар негізгі тақырып болды.

– Соңғы жылдарда топ-менеджерлердің, Компания ұжымы мен кәсіподақ ұйымдарының бірлескен жұмыстарының нәтижесінде айтарлықтай табыстарға қол жеткіздік. 2015-2019 жылдар аралығында жыл сайынғы өнім өндіру көрсеткіші 80 мың тоннаға өсті. Биыл біз Қазақстан мұнайының 120 жылдығын атап өттік. Көмірсутек шикізат қорының елеулі өсімі қамтамасыз етіліп, «Тайсойған» блогында ауқымды сейсморазведка жұмыстары аяқталды. 2012 жылдан бастап республикалық



және облыстық бюджетке төленген төлемдер көлемі триллион теңгеден асты. Ембілік мұнайшылар волонтерлік бастамамен 21 қазақстандық отбасын баспанамен қамтамасыз етіп, еліміздің оңтүстігіндегі Арыста болған жарылыстан зардап шеккендерге қолдау көрсетті. Атырау қаласы мен Атырау облысы бойынша әлеуметтік жағынан аз қамтылған 200-ден астам балаға жаңа жылдық сыйлықтар тарту етілді.

Кәсіподақ комитетімен бірлесе отырып, алдағы уақытта да үлкен табыстарға қол жеткізетінімізге сенімдімін, – деді өзінің кіріспе сөзінде Ә.Жақсыбеков.

«Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымының төрағасы М.Орынғалиев жұмыс беруші мен кәсіподақ ұйымының арасындағы кездесу шарасының дәстүрге айналғанын ерекше атап өтті.

– Дөңгелек үстел форматында өтетін шарада ашық әңгіме, тың ұсы-

ныстар ортаға салынады. Екі жақты кездесуде жылды қорытумен қатар, алдағы уақыттарда кезегін күткен шаралар талқыға салынады. Тиімді диалог, – деді өз сөзінде М.Орынғалиев.

«Интертич» ЖШС арқылы ұйымдастырылатын медициналық тексеру жөнінде сұрақ ортаға тасталды. Осы орайда айта кеткен жөн, жалпы, мұнайгаз саласы ауыр еңбек түріне жатады. Сол себепті, денсаулықтары бойынша медициналық сауықтыруды керек ететін барлық адам дәрігерлік тексеруден кейінгі қорытындының негізінде материалдық көмекке ие бола алады.

Кездесуде 2 пайыздық жеңілдікпен берілетін несие мәселесі де айтылды. Бұл орайда басшылық жеңілдетілген несиені басқармалар арасында тең бөлу АТФ банкте еркін лимитте жиналған қаражатқа байланысты екені жан-жақты баяндап өтті.

Жиында 2020 жылда кезегін күткен бірлескен жұмыс жоспары да сараланды. **Е**

Мұнайшы әулеттері – Ембінің мақтанышы

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас кеңсесінде акционерлік қоғамы «Nur Otan» бастауыш партия ұйымының бастамасымен Ембі өндірісінің қалыптасып, дамуына зор үлес қосқан мұнайшы әулеттерінің өкілдерімен кездесу өтті. Шараға Компания басшылығы, ардагер мұнайшылар, жас мамандар, орталық басқару аппаратының қызметкерлері қатысты.

– Ембі өндірісінің тұрақты дамуының бір тетігі – мұнайшы әулеттерінің қалыптасуында. Жүз жылға жуық Ембі тарихында төрт және одан да көп ұрпақтары мұнайшы мамандығын таңдаған жиырмадан астам мұнайшылар әулетінің өкілдері еңбек етуде. Мұнайшы әулеттерінің Ембі өндірісінің дамуына қосқан еңбектерінің арқасында ұрпақтар сабақтастығы қалыптасып, мол тәжірибе ұрпақтан ұрпаққа

жалғасуда, жастар арасында мұнайшы мамандығына мақтаныш сезім тәрбиеленуде, – деді ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков салтанатты кездесудегі сөйлеген сөзінде.

Кездесуге келген Бешімовтер, Жылқышиевтер, Қанатбаевтар, Кешмағамбетовтер мен Құрманқұловтар мұнайшы әулеттері туралы бейнорликтер көрсетіліп, олардың ұзақ жылғы табысты еңбектері кеңінен таныстырылды. Мұнайшы әулеттерінің өкілдері отбасылық құндылық, мұнайшы мамандығының мәртебесі туралы пікірлерімен бөлісіп, өнерлерін ортаға салды.

Шара барысында Компанияның «Жас мамандар» кеңесінің күшімен дайындалған концерттік бағдарлама да көпшіліктің назарына ұсынылды. **Е**



Жұмыскерлер сауалдарына жауап

1. М.Тулепов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай МГӨЦ қабат қысымын ұстау бөлімшесінің 1 категориялы инженер-технологы:

Сұрақ: Жұмысшы-қызметкерлерімізді Атырау қаласына оқуға жіберген уақытымызда оқу біткен соң үйлеріне қайту үшін басқа қалада тұратын жұмысшылардың жол ақысы (билеті) төленеді ма?

Жауап: Жұмыс беруші қызметкерлерді Атырау қаласына оқуға жіберген кезде жұмыс орнына жеткізуге және жұмыстан шыққан уақытта арнайы белгіленген жиналу орнына жеткізе алады. Сіздің сұрағыңыз бойынша басқа қаланың жол шығындары (билеті) төленбейді.

2. Н.Уалиев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ мұнайды дайындау және айдау цехының технологиялық сорап машинисі:

Сұрақ: Өзіміздің негізгі жұмыстан басқа жұмысқа жұмсайды, мәселен мен технологиялық сорап машинисімін, ал, маған жұмыскер жетіспей жатқан кезде қазанға бар дейді. Алайда бұйрық шықпайды, қосымша ақы төленбейді. Егер өзіміздің жұмысымыздан басқа жұмысты жасап жүріп, өндірістегі жазатайым оқиғаға тап болсақ, кім жауап береді? Қосымша ақы төленген кезде бұрын 30 пайыз төлеуге болса, қазір 10 пайыздан аспайды. Неге?

Жауап: Қазір өздеріңізге белгілі «Ембімұнайгаз» АҚ «ҚазМұнайГаз»ҰК» АҚ-на тікелей қарайды, ол тараптан еңбек ақы қорындағы әрбір баптың нақты негізделуі талап етіліп отыр. Міне, сондықтан айрықша жағдайларда қосымша ақы төленбесе, басқа жағдайда қосымша ақы төленбейді, төленген кезде де 10 пайыз ғана қосылады. Бұрын да, қазір де осы мәселені қарастыратын ішкі құжаттарда 30 пайызға дейін беруге болады деп көрсетілген.

3.Р.Кабделов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ мұнайды дайындау және айдау цехының инженер-технологы:

Сұрақ: Жұмысшыларға еңбектің зияндылығы үшін қосымша ақы төленеді, ал шеберге, механикке, біздерге неге қосымша ақы төлеуді алып тастаған, төлеттіруге болмас па екен?

Жауап: Қоғамда өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестаттау арнайы лицензиясы бар мердігер мекемемен 2015 жылы өткізілген болатын. ҚР Еңбек кодексінің талабы бойынша жұмыс берушіге бұндай аттестаттау 5 жылда бір рет жүргізілуі міндеттелген. Еңбектің зияндылығына қосымша ақы төлеу де осы аттестаттаудың қорытындысы бойынша жүргізіледі. Бұл жерде инженер-технологтың негізгі жұмыс орны ғана емес, оның кен орны аймағындағы жұмысы да зерттелді. Оның қорытындысы бойынша зиянды факторлар анықталмағандықтан зиянды еңбек үшін қосымша ақы төленбейді.

4. С.Кабдулов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Мұнайды дайындау және айдау цехының 5-разрядты слесарь-жөндеушісі:

Сұрақ: Екінші жоғарғы оқу, магистратура оқығанда жалақыны сақтай отыра, жұмыстан босатуға бола ма?

Жауап: Екінші жоғары білім, магистратура оқығаны үшін жұмыстан босата алмаймыз, еңбек ақысын да сақтау мүмкін емес. Дегенмен, жұмыскер еңбектен қол үзбей сырттай оқитын болса, семестр аралық сессия тапсыру, диплом қорғау кезінде күн беріледі және ұжымдық шартта белгіленген ең төменгі айлық ақы мөлшерінде алған күніне байланысты ақы төленеді, ал егер компания өзіне қажетті мамандардың білімін жетілдіру үшін ұзақ мерзімге оқуға жіберетін болса, олардың жұмыс орны сақталады. Ал, қаражат мәселесі оқу шартымен белгіленеді және екі жақты міндеттемелер алумен шешіледі.

5. Г.Иманғалиев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ арнаулы техникалар және автокөлік колоннасының жүк көтергіштігі 5-тен 10 тн. дейінгі мамандандырылған және арнаулы автомобиль жүргізушісі:

Сұрақ: Жасым келді, техника бұзылып, слесарь болмаған кезде машинаны өзіміз оңдаймыз, мерзімінен бұрын зейнеткерлікті күтіп алуға кетуге банкте-



гі несиелер кедергі, баламды жұмысқа алса кетер едім. Жұмыс ауыр, мұнай және газ операторына немесе сорап қондырғысының машинисіне ауысуға болмас па екен?

Жауап: Сіздің денсаулығыңыз жарамаса зейнеткерлікке мерзімінен бұрын қалуға құқығыңыз бар, басқа цехқа ауыстыру дегенде ол цехта да жұмыс жасауға қабілетті жұмыскер керек. Баланы жұмысқа алу мәселесіне келсек, жалпыға бірдей талап бойынша сынаққа жіберіледі, ата-анасының орнына жұмысқа баласын алу деген болмайды.

6. С.Аманбаев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ арнаулы техникалар және автокөлік колоннасының АДПН машинисі:

Сұрақ: Зейнеткерлікті күтіп алуға 58 жастан кететіндерге қаралған ақшаның пайыздық мөлшерін көтеруге болмас па екен, егер күтіп алуға қалсам Қоғам қазіргі жалақымыздан 100% аудара ма? Екіншіден менің еңбек ақым мен ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының көтергіш машинисінің еңбек ақысы неге әртүрлі, тариф неге бірдей емес, әлде олар өндірістік цех та, біз қосалқы құрлымдық бөлімше болғандықтан ба? «Қайнармұнайгаз» машинист АДПН көп алады екен.

Жауап: Зейнеткерлікке мерзімінен бұрын қалу кезінде тағайындалатын жәрдемақы айлықақыдан 50% мөлшерінде қаралған. Кейбір жұмысшы мамандықтарға 58 жастан кету мүмкіндігі қарастырылғаннан кейін бөлінетін қаржының да мөлшері өсті, сол себепті 58 жастан кететіндер үшін 60 жастан қалатындырға қарағанда берілетін ақшаның пайыздық мөлшерін 48%-ға түсірге тура келді.

Екінші сұраққа қатысты: көмекші өндіріс те – негізгі өндірісті қамтамасыз ететін өндірістік процестің бір бөлігі. Штат кестесінде сіздің тарифіңіз еңбек ақы төлеудің бірыңғай жүйесі бойынша бекітілген. Басқа МГӨБ-да машинист АДПН сіздің тарифтен көп алуы мүмкін емес, жұмыс режиміне, атқарған сағатына немесе жолда жүру уақытының қосымша ақысына қарай айырмашылықтар болуы мүмкін.

7. К.Халидуллин, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №1 мұнай және газ өндіру цехының мұнай-газ өндіру операторы:

Сұрақ: Қайта даярлауға оқуға жіберген кезде жататын орын мәселесі қиындық туғызатындығын «Қазақстан» қонақ үйінде орын болмайды, ал «Алмагүл» қонақ үйі лас, төртіп жоқ. Сондықтан, жататын жерді өзіміз тауып, счет әкеліп берсек болмас па екен, оның үстіне оқу өткізілетін орын қаланың сыртында, барып-келу қиын, қонақ үйде таңғы ас берілсе, кешкі тамақтану қаралмаған, бір күнге 2000

теңге шамасында жол шығынына төленетін ақша тамаққа, оқу орнына барып, келуге жетпейді. Таңертеңгісін «Алмагүл» қонақ үйінен оқу орнына жету үшін такси 700-2000 теңге аралығында алады, екінші мәселе құнсыздануға байланысты табысты индексстеу неге сырттай жүргізіледі, осының кесірінен 2017 жылы табысты индексстеу жүргізілмей қалды.

Жауап: Қонақ үйлермен есеп айырысу банк шоты арқылы жүргізіледі, Атырау қаласында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның жұмыскерлеріне қызмет көрсету мақсатында 6 қонақ үй бөлінген. Ал, егер сол қонақүйлерде бос орын болмаған жағдайда, іссапарға жіберілген жұмыскерлер туралы Қоғамның ішкі құжатымен белгіленген норма шегінде, басқа қонақүйге орналасуына мүмкіндігі бар. «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты Өндірістік-техникалық қамту және жабдыктармен комплектациялау басқармасында (УПТОиКО) қызметкерлерді тасымалдайтын автобустар бес бағыт бойынша бекітілген. Сол бағыттарда жүретін автобустар қызметін оқуға келген қызметкерлер де пайдалана алады. Бұл жөнінде оқуға келген жұмысшыларға қолдарына ескертпе қағазы беріледі. Сонымен қатар, промзонадағы асханадан бейджикті қолданып, түскі ас ішуге де мүмкіндіктеріңіз бар.

Жалақыны индексстеуге қатысты: базалық тарифтік мөлшерлеме «ҚазМұнайГаз»ҰК» АҚ-мен бекітіледі. 2016 жылға дейін әрекет еткен еңбек заңдылығында құнсыздануға байланысты жұмыс берушіге индексстеу жүргізуді ұжымдық шартта қарау міндеттелген болса, 2016 жылдың 1 қаңтарынан әрекет етуін бастаған еңбек заңдылығында ол міндеттелмейді. Тек қана ұжымдық шартта индексстеудің қаралуы мүмкін екендігін көрсеткен, сәйкесінше Қоғамның 2017-2021 жылдарға арналған ұжымдық шарттың талаптарында жұмыс беруші өзінің қаржылық-экономикалық жағдайын ескере отырып, құнсыздануға байланысты жалақыны индексстеуді жүргізуі мүмкін делінген. Бұрын вахталық әдіспен жасайтын жұмыскерлерге 11 сағат 30 минутқа еңбек ақы есептелген болатын, 2016 жылы жаңа еңбек заңының талаптарының өзгеруіне байланысты, егер жұмыскер 8 сағаттан астам уақыт жұмыс жасайтын болса, тамақтану мен тынығу уақыты 1 сағаттан кем болмауы керек делінген, сәйкесінше ауысыммен жасайтын жұмыскерлерге еңбек ақы 11 сағатқа есептеліп бастады, табысты индексстеудің ондай көп айырмашылығы болмағаны осыдан, егер табысты индексстеу жүргізілмеген болса, Сіздің еңбек ақыңыз өткен жылмен салыстырғанда төмен деп кетуі тиіс еді, ондай жағдай орын алған жоқ. **Е**

2020 жылы Сізді не күтіп тұр?



Тышқан

Тышқан жылы туғандар 2020 жылдың иесімен бірден-ақ тіл табысып кетеді. Бұл кезең Тышқандар үшін трамплин секілді болмақ. Олардың көлеңкеден шығып, өздерін ашып көрсететін уақыты келді. Бұл – бұрыннан қол жеткізе алмай жүрген арман-мақсаттарыңызды жүзеге асыруға таптырмас жыл. Алайда, алаңғасарлыққа жол бермей, өз жоспарыңызды мұқият ойластырыңыз. Бұл жылы дүниеге келгендердің көбісі білектің күшімен емес, ақылмен жасайтын жұмыстардан көбірек табыс табады. Жылдың орта тұсында кей Тышқандар өздерінің ұйымдастырушылық қабілетін бар қырынан ашып көрсетеді.



Сиыр

2020 жыл бизнесте үлкен табысқа, жұмыста зор жетістікке жеткізеді. Сиырлар өз эмоцияларын іште қалдырып үйренгендері жақсы, себебі, осы жылда соның кесірінен көптеген кедергілерге ұшырауыңыз мүмкін. Сол секілді отбасы жағдайында да кикілжіңдер болуы ғажап емес. Сабырлық – кез келген проблемадан шығудың тиімді жолы. 2020 жылы Сиырларға табандылық пен жауапкершілік өте-мөте қажет болады. Шығармашылық қырыңыз ісіңіздің алға өрлеуіне көмектеседі. Биыл – жұмыс ауыстырудың, материалдық ахуалыңызды көтерудің ең оңтайлы уақыты. Жалпы, Сиырлар бір шешім шығару үшін мың толғанады, алайда, нақты мақсат қойсаңыз, тау қопаруға қайратыңыз жетеді.




Барыс

Бұл жылы сіздерге өткір ақыл, аңғарымпаздық сияқты қабілеттер қажет. Сонымен қатар, Доңыздың жылында айналаңыздағылар сіздің ақылыңызға көп жүгініп, жол сұрамақ. Ешкімнің көңілін қалдырмай, қолыңыздан келгенше, кеңес беріп отырыңыз. 2020 жыл саяхаттауға, қала ауыстыруға жақсы мүмкіндіктер ашады. Жалғыз-басты Барыстар көре алса, «бақыттары» қасында жүр. Оларға тек аса жоғары талаптарын төмендеткендері дұрыс. Сол секілді, кітапхана, театр, көрме секілді орындарға жиі барғаны жақсы.



Қоян

2020 жыл Қояндарға толы позитив сыйлайды. Алайда, көзден мақсатыңызға жету үшін барынша еңбектенуіңіз керек. Оның жемісін жыл соңында көретін боласыз. Кейбір Қояндар өз кәсібін ауыстырса, бірі қаланы, бірі имиджін өзгертеді. Өз ақылыңызға ғана арқа сүйеп, тани қоймаған адамаңызбен байланыс орнатудан аулақ болыңыз. Бастысы таусылмас күш пен қажырлы қайрат қана сіздің екі қанатыңыз болып, алға жетелейді. Жыл иесі Қояндарға жаңа кездесулер мен тосын сыйлар дайындап отыр. 2020 жыл – отбасы құруға ыңғайлы жыл.



Ұлу


Ұлуларға айналасында болып жатқан оқиғалар қатты әсер етеді. Сондықтан, байсалды болып, эмоцияңызға берік қарап, оптимизммен достасып алыңыз. Көптеген Ұлулар бұл жылы жаңа қызметке ие болып, қаржылық мәселелерін реттеп, ескі арманын жүзеге асырады. Қай салада болмасын өзіңіздің потенциалыңызды көрсетсеңіз, абырой-атақ пен жақсы жалақы күтіп тұр. Бұл жылды нақты жоспарлармен бастаған дұрыс. Сіздің интуиция, ауқымды ойлау, шешім шығару алдындағы батылдық секілді қырларыңыз ашылуы мүмкін. Алға ұмтылушылығыңыз бен еңбексүйгіштігіңіз қаржылық жағдайды тұрақты етеді.



Жылан

Өмірді өзгертуге көптеген мүмкіндіктер беріледі, бірақ оны пайдалану өз қолыңызда! Жұлдыздар мансабыңыздан бөлек, сыртқы келбетіңізге де көңіл бөлуге кеңес береді. 2020 жылы ақылға жүгінген жұмыстарда сіздің фантастикалық идеяларыңыз

зды іске асыруға көмегі болады. Көбі ғылым, бизнес пен саясатта жоғары жетістікке жетеді. Бұл жыл болашақты жоспарлаудың тиімді жолдарын ұсынады.




Жылқы

2020 жылы жұмысқа қабілеттілік, белсенділік, алға ұмтылушылық пен жауапкершілік Жылқыларға аса қажет болады. Уақытыңызды босқа өткізбей, пайдалы істерге жұмсаңыз, жыл соңында жақсы жетістік күтіп тұр. Бұл жылы жаныңызды ауыртатын шешімдер шығаруға тура келетін сәттер болады. Екінші жарты жылдықта өміріңізді түбегейлі өзгертетін, жоспарыңызда болмаған жағдаяттар тууы ықтимал. Доңыз жылында басты ұраныңыз «биыл не ексем, келесі жылы соны орамын» болсын!



Қой

2020 жыл жақсы жаңалықтар әкелмек. Бірақ, ол үшін барынша күш-жігеріңізді жұмсауыңыз керек. Жауапкершілікті бойыңызға дарыта білсеңіз, жұмыста да, жеке өміріңізде де ісіңіз алға өрлейді. Жинақы бола алмауыңыздың зардабын көріп те жүрген боларсыз. Сонымен қатар, бастаған ісіңізді соңына дейін жеткізіп үйреніңіз. Жыл иесі еңбекқор жандарды ұнататынын естен шығармаңыз.




Мешін

Жыл иесі көңілді әрі алғыр Мешіндерді жаны сүйеді. Бұл жыл бір орында отыра алмайтын Мешіндерді көп саяхатқа алып шығады. 2020 жылы шығармашылық пен махаббат тұрғысынан сәтті болмақ. Өртүрлі оқиғалардың ағылып келуі сіздерден сақтықты талап етпек. Егер ойлағаныңыз болмай жатса, салыңыз суға кетпесін. Өзіңізге аз-кем уақыт беріп, екінші рет қайталап көріңіз. 2020 жыл шығармашылық жандарды өрге сүйрейді.




Тауық

2020 жыл Тауықтарды тамаша жетістіктер мен мол табысқа жеткізеді. Өйткенмен, оған жету жолы маңдай терді талап етуі мүмкін. Байсалды болыңыз. Жыл басы аса қиын соғады. Жүктелген міндеттің көптігінен мезі боласыз. Одан қорқудың қажеті жоқ. Көктем бастала сала, өз өміріңізді реттеп, қалаған жұмысыңызбен айналысуға мүмкіндік туып тұр. Капитал салымын көп талап ететін жобаларға жүгірмеуге тырысыңыз.



Ит

Өткен жылы басталған ісіңізді осы жылында ешқандай проблемасыз жалғастыра бересіз. Шығыс жұлдыз жорамалы 2020 жыл жақсы жаңалыққа толы болады дейді. Тұрақтылыққа үйренген Иттер өмір сүру ырғағын аздап өзгертулеріне тура келеді. Жұмыста не отбасыда кикілжіңдер туындап жатса, ақылыңыз бен шыдамдылығыңызға сенім артыңыз.



Доңыз

Доңыз жылы туғандардың айы оңынан тумак. Өз қалауыңызды кейінге шегермей, бүгіннен бастап жүзеге асырыңыз. Сіздің сарқылмайтын оптимизміңіз, жеңіл әзілдеріңіз бен еңсеңіздің ешқашан түспейтіндігі бұл жылы көп кедергілерге төтеп беруге жәрдемдеспек.

Доңыз отбасындағы тұрақтылықты жоғары қояды. Жақын жандарыңызға көңіл бөліп, сезім беріктігін сақтай түсіңіз. Сонымен қатар, үй айналасын жасыл белбеуге айналдыруға ықыласыңыз ауады. **Е**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ
Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова
Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmgerp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmgerp.kz

Редакциялық кеңес:

Ө.Жақсыбеков – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

С.Нақпаев – Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Құтжанов – өндіріс жөніндегі басқарушы директор;

Г.Шарафетдинова – қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

И.Сарыбеков – еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Ө.Каримов – келешекті дамыту департаментінің директоры;

Л.Сүлейменова – қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана:

Типография «Реформа»

Адрес: г. Алматы,

мкр. Акбулак, ул. Шарипова, 40 Б

Телефоны: +7 (727) 344 10 14, +7 (727) 327 61 67

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі